

**БАЙБАТЫР ЕРЖАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН 3 ТОПҚА ЖІКТЕП ҚАРАСТЫРУҒА БОЛАДЫ. ОНЫҢ БІРІНШІСІ – ПОЭЗИЯ, ЕКІНШІ – ПРОЗА, ҮШІНШІСІ – ҚАЛАМГЕРДІҢ КӨСЕМСӨЗІ. ОЛ ОСЫ ҮШ ЖАНРҒА БІРДЕЙ ҚАЛАМ ТАРТЫП, ӨЗ ІЗІН ҚАЛДЫРДЫ. ҚАЛАМГЕР ГАЗЕТ БЕТІНДЕ ТЕК МАҚАЛАЛАР ҒАНА ЖАЗЫП ҚОЙҒАН ЖОҚ, СОНЫМЕН ҚАТАР ӘНГІМЕ, ӨЛЕҢ, ФЕЛЬЕТОНДАРЫН ДА ЖАРИЯЛАДЫ. БІЗГЕ ОНЫҢ “АЙҚАП” ЖУРНАЛЫ МЕН “ЖАС АЗАМАТ” ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН ТУЫНДЫЛАРЫ БЕЛГІЛІ.**

## **Халқының жоғын жоқтаған**

Қай заманды алып қарасаңыз да, кез келген елдің тарихында баспасөздің алатын орны орасан зор. Қилы заманның талай дүрбелеңін басынан кешіріп, халқының тарихын қағаз бетінде сақтаған баға жетпес газет-журналдар болған. Соның бірі қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашы – “Айқап” журналы. Қазақ халқының бар болмысы, өркениеттегі орны, әдебиеті мен мәдениетінің даму жолы, қазақ қоғамының көрінісі “Айқап” журналының беттерінде сан мәрте жарық көріп, кешегі күннен хабар беріп келеді.

Журналдың жарық көруі елде үлкен серпіліс туғызады. Өйткені бұрын-соңды қазақ қоғамында мұндай құбылыс орын алмаған. Патша үкіметінің тарапынан қатаң қадағалауға қарамастан, журнал елдің жағдайын әрқашан назарда ұстаған. Осы жолда талмай еңбек еткен “Айқап” журналының алғашқы шығарушысы Мұхаметжан Сералиннің алатын орны ерекше.

Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев сынды ақын-жазушылар осы журнал арқылы қаламгер болып қалыптасқан. Аталған тізімге елінің жағдайына алаңдаушылық білдіріп, халқын оқу-білімге, адамгершілікке шығармашылығы арқылы шақырған Байбатыр Ержановты да қосар едік. “Айқап” журналының 1911, 1913, 1914 жылы шыққан басылымдарында ақынның “Бір қазақ қызы”, “Қазақ халінен бір-екі сөз”, “Бозбалаларымыздың түрі”, “Біздің жайлар”, “Әй күнелту!”, “Жаңбырлы дауыл”, “Мұқтаждық”, “Нәзік көңіл”, “Жұмбақтар” сияқты әңгіме, өлеңдерін кездестіруге болады. Автордың “Айқапта” жарияланған шығармаларын проза, поэзия, көсемсөзі деп жүйелеп қарастырылған дұрыс.

Журналда қаламгердің өз заманының өзекті мәселелерін сөз еткен прозалық туындылары жарияланды. Бұл орайда ақынның “Бір қазақ қызы” фельетонын атап өтуге болады. Әңгіме жанрына өте жақын бұл туынды журналдың 1911 жылғы №7 санында жарияланған.

Қыз баланың қоғамда алатын орнына байланысты жазылған бұл әңгіме – ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жиі көтерілген мәселелердің бірі. Шығарма мазмұны бойынша 13 жасар Жабайқызы Меңсұлудың төңірегінде өрбіген оқиғада қаншама қазақ қыздарының тағдыры жатыр. Әңгімеде әдет-ғұрыптың шырмауынан шыға алмай, сүймеген адамға малға сатылған қыздың зары айтылады.

Байбатыр Ержановтың мұсылмандар тіршілігіне тиісті мәселелер тақырыбында жазылған “Қазақ халінен бір-екі сөз” атты мақаласы

бар. “Бұл дүниеде неше түрлі халықтар бар, осылардың ең өнерсізі, иттифақсыз біздің қазақ халқы деп айтуға жарайды”, – деп басталатын әңгімеде ақын бар білгені әркімнің артын аңдып, қауесеттің айналасында жүрген халқының жағдайын айтып қынжылады. Автордың ойынша, қазақ елінің артта қалуының бір себебі – оқу, оқыту ісінің нашар екендігі. Өзінің бұл пікірін Байбатыр Ержанұлы келесідей түсіндіреді: “Бізден басқа халықтар өздерінің дінін, милатын қуаттап, халін шамалап, аяқтың астында қалмаудың қамын ойлап, өнерлі, ғылымды болып жатыр. Ал осындай мағрифаттың заманында бейхабар, қараңғыда ұйықтап жатқан қазақтарда аталғандардың бірі де жоқ”. Сонымен қатар ақын өз балаларын моллада оқытатын немесе мүлде оқу-білімнен бейжай жүрген қазақтарды сынады. Егер де қазақ халқы осындай жаман пиғылдарын тастап, орынсыз жерге қуаттарын төкпей, білімге құштарлығын арттырса – мағрифаттың бірінші баспалдағына басқан болар еді деген қорытындыға келеді.

Байбатыр Ержанов қолдау көрсетіп, серіктес болған Алаш басылымдарының бірі – Қызылжарда Қошке Кемеңгерұлының басшылығымен шыққан “Жас азамат” газеті. Газетте қаламгердің “Земствоның қысқаша жәйі” атты мақаласы берілген. Аталған мақала газеттің ең соңғы 22 санында жарияланған. Онда автор патша құлап, елде аласапыран заман орнап жатқанда қайтпек керек деген сұраққа жауап береді. Мақаласында земствоның артықшылықтары мен ел үшін керектігін баяндап, ел ағаларын осы туралы ойлануға шақырады. Земствоның әсіресе кедейлерге пайдалы екенін жеткізеді. Бір қызығы “Жас азамат” шығып тұрған 1918-1919 жылдары Петропавлдағы земствода Мағжан Жұмабаев қызмет еткен екен. Бұл ретте Байбатыр Ержановтың да земство жайлы сөз жазып, халыққа үндеу жолдауында бір сыр бар сияқты.

Автор өз мақаласының соңында “Ал енді, бұл күнде әрі жер тар, әрі мал аз, енді қалай күн көруге болады? Ел көсемі, ақсақалдар! Атқамінер ағалар! Осы жағын бір ойлаңдар”, – деп оқырманға ой тастайды. Өкінішке қарай, “Жас азаматта” жарық көрген осы мақала ақынның басына қара бұлт үйіріп, оған Алашорда басылымдарына қолдау көрсеткені үшін айып тағылып, түрмеге тоғытылады.

**Гүлден ЖУКЕНОВА,  
М.Қозыбаев атындағы  
СҚУ-дың студенті.**